

Краткий агрометеорологический обзор за 3-ю декаду августа 2025 года.

В третьей декаде августа в большинстве районов северной половины страны агрометеорологические условия были хорошими для созревания зерна и их уборки, за исключением востока и северо-востока страны, где отмечались осадки. Средняя за декаду температура воздуха была выше нормы на 1...3°C. На большей части северной половины страны осадки выпали меньше нормы, больше нормы были в Павлодарской, Абайской и Восточно-Казахстанской областях.

В третьей декаде августа в северной половине республики на наблюдаемых участках приступили к уборке урожая яровой пшеницы и ярового ячменя. На посевах в основном наблюдается фазы развития «полная спелость», на отдельных участках «восковая спелость». Состояние посевов в основном хорошее и удовлетворительное.

На юге и юго-востоке республики состояние теплолюбивых культур (рис, кукуруза на зерно, сахарная свекла, соя, хлопчатник) отличное и хорошее, проводится вегетационный полив и другие агротехнические мероприятия. В Западно-Казахстанской области в окрестности агропоста Бурлин приступили к уборке сафлора, в Северо-Казахстанской области к уборке картофеля.

На последний день декады скот на пастбищах выпасался повсеместно. В отдельных районах запада и юго-запада, а также в Карагандинской области фермеры продолжают подвоз кормов к базам зимовки животных, уборка трав на пастбищах продолжается в Алгинском районе Актюбинской области, в Джаныбекском и Акжайыкском районах Западно-Казахстанской области, в Шетском районе Карагандинской области, в Мангистауском районе Мангистауской области. В Мангистауском районе Мангистауской области скотоводы проводят вторую (осеннюю) стрижку овец.

На большей части пастбищ отмечается сухая дернина, сырая дернина наблюдалась на пастбищах в Айтекебийском, Иргизском, Кобдинском районах Актюбинской области и в Шетском районе Карагандинской области.

По результатам наблюдений за влажностью почвы, на севере страны запасы влаги в почве были удовлетворительными и оптимальными. В большинстве районов Западно-Казахстанской, Актюбинской, Карагандинской, Алматинской, Жетысуской, Кызылординской областей, где за декаду осадков выпало меньше нормы, запасы продуктивной влаги остаются недостаточными.

2025 жылдың тамыз айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу.

Тамыз айының үшінші онкүндігінде еліміздің солтүстік жартысының басым бөлігінде астықтың пісіп-жетілуіне және егін жинауға агрометеорологиялық жағдайлар жақсы болған, тек елдің шығысы мен солтүстік-шығысында жауын-шашын байқалған. Онкүндіктегі ауаның орташа температурасы нормадан 1...3°C жоғары болған. Республиканың солтүстік жартысының басым бөлігінде жауын-шашын нормадан аз, ал Павлодар, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында нормадан көп болған.

Тамыздың үшінші онкүндігінде республиканың солтүстік жартысында бақыланатын учаскелерде жаздық бидай мен жаздық арпаны жинауға кіріскен. Жаздық бидайда көбінесе «толық пісуі», кейбір жерлерде «дәннің уыздануы» фазалары байқалады. Дақылдардың жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық.

Республиканың оңтүстік-шығысында жылу сүйгіш дақылдардың (күріш, астыққа жүгері, қант қызылшасы, соя, мақта) жағдайы жақсы және өте жақсы. Вегетациялық суару және басқа да ауылшаруашылық жұмыстары жүргізілуде. Батыс Қазақстан облысында Бурлин агропостының маңайында мақсары, Солтүстік Қазақстан облысында картоп жинауға кіріскен.

Онкүндіктің соңғы күні мал жайылымы жаппай жүргізілген. Батыс пен оңтүстік-батыстың жекелеген аудандарында, сондай-ақ Қарағанды облысында фермерлер мал қыстайтын қыстақтарға жем шөп жеткізуді жалғастыруда. Жайылымдарда шөп ору Ақтөбе облысының Алға ауданында, Батыс Қазақстан облысының Жәнібек және Ақжайық аудандарында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау аудандарында жалғасуда. Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында малшылар екінші (күзгі) қой қырқуды жүргізуде.

Жайылымдардың көпшілігінде шым құрғақ, Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз, Қобда аудандарында және Қарағанды облысының Шет ауданында шым дымқыл болған.

Тамыз айының үшінше онкүндігінде топырақ ылғалдылығын бақылау нәтижелері бойынша топырақтың оңтайлы және қанағаттанарлық ылғал қоры көбінесе солтүстікте орын алған, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Алматы, Жетісу және Қызылорда облыстарының басым бөлігінде ол жеткіліксіз болған.